

Түркістан облысы білім басқармасы
«Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

МЕКТЕП КІТАПХАНАСЫНЫҢ

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА

АРНАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ

**Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Бекітемін:

Мектеп директоры:

А.Нұрымбетова



Мектеп кітапханасының

2024-2025 оқу жылына

арналған жылдық жоспары

Кітапханашы:

А.Жулумбетова.

Кітапхана жұмысының негізгі мақсаты

Мектеп кітапханасы - мектептің бір бөлімі, сондықтан жылдық жоспардың басым бөлігі-оқу тәрбие жоспарына негізделеді. Кітапхана жұмысының қажеттілігі мен ерекшелігі, ол мектеп ұжымының барлық оқу жүйесіне қатысушыларына оқу бағдарламасының түрлерін, жаңа кітаптарды және басқа да ақпараттық материалдарды ұсынады. Қазіргі оқыту технологиялары арқылы әр түрлі кітапханалық іс шараларды өткізу негізінде оқушылардың кітап оқу қызметін қалыптастыра отырып, тілдерін дамыту арқылы білім сапасын арттыруға көмектесу. Кітап өз оқырманын жан-жақты тәрбиелеумен бірге танымдық білімдік қасиетін дамытатын анық. Президент ұсынған «Оқуға құштар мектеп» жобасын ұйымдастыру арқылы оқырмандармен жұмыс жасау. Көркем әдебиеттермен кітап қорын толықтыру. Жаңа кітаптарға, мерзімді басылымдарға тұрақты ақпарат күндерін өткізу

Кітапхана жұмысының міндеттері

Кітапхана өз қызметінде Қазақстан Республика үкіметінің кітапхана ісінің мәселелері жөніндегі шешімдерін, Білім министрінің бұйрықтарын және осы жоспарды басылылққа алады.

1. Кітапхана өз жұмысын педагогикалық ұйыммен бірлесіп атқарады.
2. Оқырмандарға тез және сапалы қызмет көрсету.
3. Қарыз кітапқа немқұрайлы қарайтын оқырмандармен жұмыс жүргізу.
4. Оқулықтарды тексеру бойынша рейд жүргізу.
5. Кітап қорының жинақталуын, есепке алынуын, орналастырып сақталуын ұйымдастыру.
6. Кітапхананы қазіргі талапқа сай безендіріп, оқырмандармен белгіленген жоспар бойынша әдеби кеш, конференция дөңгелек үстел, ақын-жазушылардың шығармашылық кеіштерін өткізу.
7. Кітапмен өз бетінше жұмыс істеу жолдарын меңгерту, кітап арқылы ой-өрістерін, рухани жан дүниесін кеңейту, білімді парасатты азамат етіп тәрбиелеу.

Жұмыс мазмұны		Орындау мерзімі
Оқу әдебиеті қорымен жұмыс жоспары		
2024-2025 оқу жылына арналған оқушылардың оқулықтармен және оқу құралдармен қамтылуына диагностика		Тамыз–қыркүйек
Оқулықтарды қабылдау және оқушыларға беру. Оқу бағдарламасына сәйкес толық көлемде оқулық беруді қамтамасыз ету.		Тамыз
Қор жылжуына қорытынды жүргізу.		Желтоқсан
Түскен оқулықтарды қабылдау және өндеу: кітапхана құжаттарын ресімдеу, оларды бухгалтерияға өткізу.		Жыл бойы
Оқу бағдарламаларының ескіруі мен ауысуын ескере отырып, оқулық қорын есептен шығару.		Жылына 1 рет
Сыныптар бойынша оқулықтар, ведомостер беру журналын жүргізу .		Мамыр, Қыркүйек
Оқулықтарды тексеру. Рейд жүргізу		Тоқсан сайын
Көркем әдебиет қорымен жұмыс		
Кітапхана қорын есепке алу. 5 жылда 1 рет түгендеу, түгендеуді қорытындылау. Бухгалтерияның материалдық бөлімінде кітапхана қорын тексеру туралы актіні ресімдеу.		Жыл бойы
Кітапхана оқырмандарының ақпаратқа еркін қолжетімділігін қамтамасыз ету.		Үнемі жыл бойы
Қорды сақтау бойынша жұмыс: оқырманның келтірілген залалды бекітілген тәртіпте өтеуі бойынша шараларды қамтамасыз ету; борышкерлердің тізімін жасау; кітапхана қорын жүйелі сақтау мен физикалық сақталуы бойынша тиісті режимді қамтамасыз ету		Үнемі жыл бойы
Ескі көркем әдебиет пен рухани тұрғыдан ескірген әдебиетті есептен шығару.		Жылына бір рет
Оқырмандармен жеке жұмыс		
Оқырмандар формулярымен танысу және талдау.		Жыл бойы
Кітапханаға түскен жаңа кітаптар, энциклопедиялар, ертегі кітаптар туралы ұсынымдық және жарнамалық әңгімелесулер. Түсу деңгейіне қарай		Жыл бойы

«Сенің сүйікті шығармаң » тақырыбы бойынша оқушыларға сауалнама жүргізу. Абонемент пен оқырмандар залында оқырмандарға қызмет көрсету: оқушылар, педагогтар,	Қантар-ақпан Үнемі
техникалық персонал. .	

Өтінімдер бойынша Оқушылармен жұмыс

Кітапхананың жұмыс кестесіне сәйкес оқушыларға қызмет көрсету.	Үнемі
Әр оқырманның жас ерекшеліктеріне сәйкес көркем әдебиет ұсыну .	Үнемі
Борышкерлерді анықтау мақсатында оқырмандар формулярын қарау, (нәтижелерін сынып жетекшілеріне хабарлау) Жарты жылда 1 рет 3 Жаңадан жазылған оқырмандармен кітап оқу мәдениеті туралы әңгімелесулер өткізу. Кітапқа немесе оқулыққа келтірілген залал үшін жауаптылық туралы айту.	Үнемі

Кітапхана қызметкерлерінің мақсаты мен міндеттері

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы аясында

Мақсаты:

- Жас ұрпаққа әлемдік стандарттар деңгейінде білім алу үшін кітап оқу арқылы білім сапасын арттыру.
- Оқушыларды кітапханаға тарту, көркем әдебиетті тандап оқып білуге үйрету, оқу арқылы білімін тереңдету, тіл байлығын дамыту, ой-өрісін жоғары деңгейде дамыту, білімге, ғылымға деген ізденістерін арттыру.

Міндеті:

- Жоспардағы атаулы күндерге сәйкес көпшілік жұмыстар жүргізу
- Оқу-тәрбие жұмыстарына ықпал ету
- Оқытушы, тәрбиешілер, сынып жетекшілер мен тығыз байланыста болу
- Сабақтан тыс уақытта оқырмандардың кітап оқуын, түрлі тәрбие сағаттарын, оқырмандар конференциялары мен дөңгелек үстелдерін ұйымдастыру
- Мектеп кітапханасының қорын жаңа кітаптармен толықтыру

2024-2025 оқу жылында жалпы білім беретін мектеп кітапханасында өткізілетін

іс-шаралардың тізімі

р/с	Жұмыс бағыты	Жұмыс мазмұны	Сынып	Мерзімі	Жауаптылар	Аяқталу нысаны
1	Кітапхана қорын қалып тастыру және сақтау, толықтыру.	2024-2025 оқу жылдарына арналған жылдық жоспарды бекіту	7-11 сыныптар	Қыркүйек		Жоспар бекітіледі
		2024-2025 оқу жылында қабылданған жаңа оқулықтарды қабылдап, тіркеу және сыныптарға оқулықтарды тарату	7-11 сыныптар	28-31 тамыз аралығында	Кітапханашы Сынып жетекшілері	Барлық сыныпқа кітаптар таратылып берілді
		Жаңа оқу жылы қарсаңында тазалық күнін жасау		Тамыз	Кітапханашы	Тазалық күні жасалды
		Кітап сөрелеріне жүйелі алфавиттік тәртіппен орналастыру		Жыл бойы	Кітапханашы	Кітаптар сөреге бір жүйе бойынша қойылады
2	Ақпараттық - библиографиялық жұмыс	Жаңадан келіп түскен әдеби кітаптарды Мүлік кітабы және кітапхана қорының есеп кітабына тіркеу.		Қыркүйек	Кітапханашы	Жаңадан қабылданған оқулықтар мүлік кітабына енгізіледі
		Көрмеге библиографиялық ұсыныстар шығару	Библиография-лық ұсыныс	3 айда бір рет	Кітапханашы	Әр жасалған көрмеге библиография-лық ұсыныс дайындалады


	Ақпараттық күні		Жыл бойы	Кітапханашы	Жаңадан келген кітаптарға, өткізілетін іс-шараға ақпараттық күні өткізіледі
	Библиографиялық анықтамаларды орындау	Анықтамалар	Күнделікті сұраныс бойынша	Кітапханашы	Сұраныс бойынша библиографиялық анықтама орындалады
3	«bookcrossing» Өзің оқы да өзгеге ұсын жобасын насихаттап кітап көрмесін жасау	7-11 сыныптар	Жыл бойы	Кітапханашы	Букросингке кітап көрмесі жасалынады
	«Кітапханаға саяхат» Оқырмандарға кітапхананы таныстыру, жұмыстарын жүргізу.	7 - сыныптар	Қыркүйек	Кітапханашы	7 сыныптарға кітапханаға саяхат жасалынады
	5 қыркүйек Тілдер күніне орай «Тілім-менің тірегім!» Поэтикалық марафон	7-11 сыныптар	Қыркүйек	Кітапханашылар Сынып жетекшілері	Әдеби іс шара өтіледі, әлеуметтік желіге жарияланады

	«Оқуға құштар мектеп» жобасы Әбілхан Қастеевтің 120 жылдығы	Кітапханалық сабақ	Қыркүйек	Кітапханашы Сынып жетекшілері ДТІЖО	Әбілхан Қастеевтің өмірі мен таныстырылады
	XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері - Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллиннің туғанына - 130 жыл библиографиялық шолу	7-10 сыныптар	Қазан	Кітапханашы	Кітапханалық сабақ жасалынады. Оқушыларға көрнекті өкілдерді таныстыру жүргізіледі
	«Рәміздерім-мақтанышым» кітап көрмесі	7-8 сыныптар	Қазан	Кітапханашы	Кітап көрмесі жасалады
	«Кітапханаға кітап сыйла» акциясын жалғастырып жұмыс жасау	Акция	Жыл бойы	Кітапханашы Барлық сынып жетекшілері	Көркем әдебиет қоры жинақталады
	«Балалар кітапханасы» жобасы аясында С.Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған іс-шара	Оқырмандар конференциясы	Қазан	Кітапханашы ДТІЖО Қазақ тілі пәні мұғалімі	С.Сейфуллин шығармалары насихатталады

	«Балалар кітапханасы» жобасы аясында: «Шын жүректен кітап сила»! челленджі 7-11 сынып	Челлендж	Ақпан	Кітапханашы ДТЖО Сынып жетекшілері	Әлеуметтік желілерде жариялау
	Мұқағали Мақатаев – поэзия тұлпары»	Мәнерлеп оқу сағаттары	Ақпан	Кітапханашы ДТЖО	Әр сыныптан Мұқағали өлеңдерін оқитын оқушылар жинақталады
	"Қазақ деген халықтың баласымын» Тұманбай Молдағалиевтің 90 жылдығы	Өмірі мен шығармашылығына шолу	Наурыз	Кітапханашы	Т.Молдағалиев шығармашылығы насихатталады
	«Берекелі-мерекелі Наурыз»	Танымдық сағат	Наурыз	Кітапханашы	Салт-дәстүріміз насихатталып, тарихына тоқталады
	2 сәуір Халықаралық балалар кітап күні «Әлемдік мәдениет-кітапта» зияткерлік ойын	Зияткерлік ойын сағаты	Сәуір	Кітапханашы	Кітап туралы ойларын ортаға салады
	«Ғарыш әлемі»	Виртуалды кітап көрмесі	Сәуір	Кітапханашы	Ғарышкер туралы мәліметтер жинақтап, өз ойларын ортаға салады
	«Балалар кітапханасы» жобасы аясында: «Әдеби кеш, кітап жәрмеңкесі кітап кейіпкерлері байқауы»	7-11 сыныптар Әдеби кеш, байқау	Сәуір	Сынып жетекшілер Тәрбиешілер	Әлеуметтік желілерде жариялау
	«Қазақ әдебиетінің классигі – Сәбит Мұқанов»	8-Сыныптар Кітапханалық сабақ	Мамыр	Кітапханашы Сынып жетекшілері	С.Мұқанов шығармашылығымен танысады

	«Оқулықты күтіп ұста»	Рейд жүргізу.	Қараша	Кітапханашылар Сынып жетекшілері	Барлық сыныптарда оқулықтарының тазалығы тексеріледі
	«Балалар әдебиетінің бәйтерегі» С.Бегалиннің – 130 жылдығы	8-9 сыныптар	Қараша	Кітапханашылар Сынып жетекшілері Қазақ тілі және әдебиеті пән мұғалімдері	Сапарғали Бегалиннің шығармашылығына зерттеу жүргізіледі
	Кітап сарқылмас қазына —	Оқыған кітаптарын талқылау	Ай сайын	Кітапханашылар Сынып жетекшілері	Оқыған кітаптарын ортаға салып, мазмұнына тоқталады
	Тұңғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім – Бауыржан Момышұлы	Кітапханалық сабақ	Желтоқсан	Кітапханашы	Б.Момышұлының өмірі жайлы зерттеу жұмысын жүргізіледі
	Қадыр Мырза Әлі – қазақ поэзиясының пырағы	Оқырман конференциясы	Қаңтар	Кітапханашы	Қадыр Мырза Әлі шығармалары насихатталады
	«Қалың қалай оқулық?»	оқулықтарға рейд жүргізу	Наурыз	Кітапханашы Сынып жетекшілер	Оқулықтардың тазалығы тексеріледі
	«Bookcrossing» Өзің оқы, басқалар да оқысын кітап көрмесін жасау	Кітап көрмесін жасау	Тоқсан сайын	Кітапханашы	Кітап бұрышы дайындалады
	Тарихшы Ермұхан Бекмахановтың туғанына 110 жыл	7- сыныптар	Ақпан	Кітапханашы Сынып жетекшілері	Е.Бекмахановтың өмірі мен таныстырылады

**Төлеби ауданының мамандандырылған
мектеп-интернат кітапханасының
«Оқуға құштар мектеп» жобасының
ЖЫЛДЫҚ
ЖОСПАРЫ**



Кітапханашы: А.Жулумбетова

2024-2025 оқу жылы

Бекітемін:

Мектеп интернат директоры:

 Л.Нурымбетова



**«Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты»
кітапханасының**

**«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында
2024-2025 оқу жылында атқарылатын іс-шаралар
ЖОСПАРЫ**

Түркістан облысы адами әлуетті дамыту білім басқармасының 30.11.20 жылғы №08/3717 хатында көрсетілген тапсырмасын орындау мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жоба аясында жоспар құрылды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасының мақсаты:

Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, кітап оқуға ынтасын арттыру, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге, тіл байлығын арттыруға ықпал ету;

Кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру;

Оқушыларды әдеби кітаптарды оқуға насихаттау арқылы олардың кітап оқуға сүйіспеншілігін арттыру.

«Оқуға құштар мектеп» жобасының міндеттері:

- Мектеп оқушыларының кітап оқу белсенділігін дамыту
- Мектеп оқушыларының оқырман белсенділігі және оқырман біліктілігін дамытуға бағытталған өзара байланысты жоба жүйесін қалыптастыру.
- Отбасылық кітап оқу дәстүрін жаңғырту
- Жас ұрпақтың өскелең талабын қанағаттандыруда, рухани байлығын, жалпы ой өрісін дамытуда, жоғары эстетикалық талап-талғамын қалыптастыруда ең үлкен де ұлы тәрбие құралы — кітап екенін түсіндіру
- Оқушылардың оқырмандық мәдени тәрбиесін, көркем әдебиетке, кітапқа деген қызығушылығын дамыту, қолдану

Күтілетін нәтиже: Оқыған кітаптарынан алған әсерлерімен көпшілік алдында бөліседі, оқырмандарды шабыттандырады.

Орта буын сыныптарда оқушылардың оқу дағдысын, оқу сауаттылығын қалыптастыру, тақырып бойынша эссе жазуға дағдыландыру.

Жоғарғы сынып оқушыларын әдеби - классик жазушылардың шығармаларын оқуға тарту, оқыған кітабын жарнамалауға, насихаттауға дағдыландыру.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында өткізілетін іс-шаралар

№	Тақырыбы	Өткізілу түрі	Мерзімі	Жауапты
1	«Өзің оқы да және өзгеге сыйла»	Буккросинг	Жыл бойы	Кітапханашы
2	Ә.Қастеевтің туғанына 120жыл толуына орай шығармаларын насихаттау	Әдеби кеш	Қыркүйек	Кітапханашы
3	“Балалар әдебиетінің бәйтерегі” С.Бегалиннің туғанына -130 жыл	Библиографиялық шолу	Қазан-Қараша	Кітапханашы
4	«Демалыста кітаппен өткен күнім қызық»	Марафон	Қараша	Сынып жетекшілер
5	Кітап сарқылмас қазына	Оқыған кітаптарын талқылау	Ай сайын	Кітапханашы
6	“Тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім - Бауыржан Момышұлы”	Кітапханалық сабақ	Желтоқсан	Кітапханашы
7	Қадыр Мырза Әлі - қазақ поэзиясының пырағы	Оқырман конференциясы	Желтоқсан	Кітапханашы
8	“Оқулықты күтіп ұста”	Рейд жүргізу	Қаңтар	Кітапханашы
9	Бір сынып-бір кітап.	Сыныппен кітап оқу сағаты	Қаңтар	Кітапханашы
10	14-ақпан кітап сыйлау күніне орай акция “Шын жүректен кітап сыйла”	Челлендж	Ақпан	Пән мұғалімдері Сынып жетекшілер Кітапханашы
11	“Мұқағали Мақатаев - поэзия тұлпары”	Мәнерлеп оқу сағаттары	Ақпан	Кітапханашы
12	“Қазақ деген халықтың баласымын” Тұманбай Молдағалиевтің туғанына - 90 жыл	Әдеби кеш	Наурыз	Кітапханашы
13	“Берекелі - мерекелі наурыз”	Танымдық сағат	Наурыз	Сынып жетекшілер Кітапханашы
14	2 - Сәуір Халықаралық балалар кітабы күні “Әлемдік мәдениет-кітапта” зияткерлік ойын	Зияткерлік ойын сағаты	Сәуір	Кітапханашы
15	12 - сәуір Ғарышкерлер күніне орай “Ғарыш әлемі” атты виртуалды кітап көрмесі	Кітап көрмесі	Сәуір	Кітапханашы
16	“Кітап кейіпкерлер байқауы”	Байқау	Сәуір	Кітапханашы
17	“Қазақ әдебиетінің классигі - Сәбит Мұқановтың туғанына - 125 жыл	Танымдық сағат	Мамыр	Кітапханашы
18	Жылдық қорытынды “Үздік оқырман” анықтау, марапаттау	Сайыс	Сәуір	Кітапханашы

Кітапханашы:

 А.Жулумбетова

Түркістан облысының білім басқармасының «Төлеби ауданының мамандандырылған
мектеп-интернаты» Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты
кітапханасының
2024-2025 оқу жылының есебі

2024-2025 оқу жылы

Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатының екінші қабатында 27,4 м² орынды алатын кітапхана бар.

Кітапхана туралы мәлімет:

1. Кітапхана 0-2 қабатта орналасқан.
2. Жалпы алаңы 27,4м².
3. Абонемент бар.
4. Оқу залы бірге
5. Оқырман орны -8
6. Кітап қоймасы бар.

Кітапханашы туралы мәлімет:

1. Кітапхана штаты-1
2. Кітапханашы: Оразалиева.Г Білімі жоғары.

Мектеп-интернат кітапханасы оқырмандардың талабын қанағаттандыруда, рухани байлығы мен жалпы қабілетін дамыту және жоғары эстетикалық талғамын қалыптастыру міндеттерін іске асыруда, кітап қорының тұтастай оқырмандар сұранысында болуында ықпал жасап, көптеген жұмыстар ұйымдастырады. Оқырмандарға кез келген ақпаратты нақты тауып, дұрыс бағыт беру жаңа ақпараттық технологиялармен жұмыс істейді.

Кітапхана жұмысының бағыттары:

Оқырмандарды оқу материалдарымен қамтамасыз ету;

Оқырманның қызығушылығын, қажеттілігін анықтау;

Кітапхана мақсаты мен міндеттері:

Мектеп бағыты мен ерекшелігіне сай оқу-тәрбие ісін толық қамтамасыз ету мақсатында кітап қорын ұйымдастыру, жинақтау, сақтау;

Кітапқа деген сүйіспеншілікті арттыру;

Оқырмандардың танымдық әрекетін белсендіру;

Оқырмандарды кітапханаға тарту, кітапқа деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыру, дамыту;

Кітап арқылы оқушылардың жан-дүниесін кеңейту;

Жас оқырмандардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.

1. Кітапхана негізгі көрсеткіштері:

Көрсеткіштер	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Оқырмандар саны	274	278	296
Келушілер саны	1254	1350	1210
Кітап берілуі	2604	3057	2430
Оқылуы	26,8	26,9	28,5
Қор айналымдығы	2,5	2,3	2,2
Келу	13,6	14,6	12,5

2.Кітапхананың материалдық-техникалық қамсыздандырылуы:

Р\с	Құрал жабдықтың атауы	Саны
1	Кітап сөресі	10
2	Көрмелерге арналған сөре	2
3	Оқырмандарға арналған үстел	4
4	Компьютер үстелі	1
5	Формулярға арналған каталог	1
6	Орындықтар	8
7	Моно блок	5
8	Өрт сөндіргіш құралы	1

3.Қор туралы мәлімет:**Соңғы көрсеткіштер**

Кітапхана қоры	оқулықтар	қазақ тілінде	көркем әдебиет	ағылшын тілінде	орыс тілінде
8464	6777	5527	1687	500	750

4. Ғылыми , көркем әдебиеттердің орналастыру тәртібі – ББК

Қор құрамы	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Кітап қоры	8664	9443	8464
Оқулықтар	7014	7756	6777
Ғылыми әдебиеттер	206	206	206
Көркем әдебиеттер	1650	1687	1687
Электронды оқулықтар	57	57	57
Брошуралар	0	65	65

5. Оқулық туралы мәлімет

р/с	Сыныбы	Оқушылар саны	Кітапханадан алынған оқулық саны	Жеке тапқан оқулық саны	Қамтамасыз ету пайызы
1	7-сынып	44	792	-	100%
2	8-сынып	44	836	-	100%
3	9-Сынып	43	968	-	100%
4	10-сынып	44	1100	-	100%
5	11-сынып	43	1100	-	100%
6	Барлығы	218	4796	-	100%

Жаңа оқу жылына дайындық әдетте оқушыларды оқулықпен қамтамасыз етуден басталады. 2024-2025 оқу жылында оқушылар оқулықпен 100% қамтылды.

Кітапхана – ғасырдан ғасырға адамзат тарихының керуенін сүріндірмей әкеле жатқан шырағы биік, парасаттылық пен біліктіліктің киелі ордасы. Заман талабына сай бүгінде мектеп кітапханасына жүктелген жауапкершілік те үлкен. Кітапханаларға қойылатын жаңа талаптар жаңа шараларды туғызуда. Кітапханалық іс-шаралар үнемі өсіп, өзгеріп, жетіліп отырады. Кітапханада өткізілетін кітапханалық сабақтар, әр түрлі кездесулер, кітап көрмелері, конференциялармен қатар жеке мақсаттық бағдарламалар оқырмандарды кітапханаға келуге деген қызығушылығын арттыруға үлес қосуда.

2024-2025 оқу жылында мектеп-интернат кітапханасының қоры 1227 дана оқулықпен толықтырылды. 8 сыныптардың оқулықтары түгелдей дерлік жаңартылған мазмұндағы оқулықтармен алмастырылды. Жаңа оқу жылында іс-шаралар жоспары түзіліп, есеп бөліміне кітап қорының соңғы көрсеткіштер есебі берілді. Кітап қорынан ескірген, бағдарламаға сай емес оқулықтар қор есебінен шығарылды. Мектеп-интернат қызметкерлерін мерзімдік баспаларға жазылу жұмыстары жүргізілді.

Қыркүйекте мектеп кітапханасының жұмысын Конституция күнімен бастадық. Конституция күніне орай мерекелеу шеңберінде жағымды эмоционалды фонын және маңыздылық атмосферасын құру мақсатында оқушылары арасында кітапханалық іс шара өтілді.

Мақсаты: Балаларға Ата Заңымыз, адам құқықтары туралы түсінік беру, оқушыларды өз міндеттері мен құқықтарын білуге үйрету, өзіндік шешім қабылдай алу әрекеттерін дамыту, Отанын сүйетін ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу, оқушылар қызығушылықпен қатысып, викториналық сұрақтарға жауап беру арқылы өз білімдерін көрсетті. <https://www.facebook.com/share/p/1JDQ5qVWA9/>



05.09. күні Ұлт ұстазы, қазақ тіл білімінің ғылыми негізін салушы Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың туған күнімен қатар келген тілдер мерекесіне орай Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатында «Тіл- тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» тақырыбында көрме ұйымдастырылды. **Көрменің мақсаты:** Қазақстан халқының мемлекеттік тілінің дамуына ықпал ету, ана тіліміздің тұғырының мықты болуына негіз қалаған бабаларымыздың өсиетін ұран ету, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, мәртебесі мен маңызын кеңінен насихаттау, Қазақстанда тұратын барлық халықтардың тілдерін құрметтеу, кітапты оқуға тарту, оқу мәдениетін арттыру, қазақстандық патриотизмді нығайту.

<https://www.facebook.com/share/p/15yznjrmfp/>



10.10 күні Төлеби ауданының кітапханасына мектебіміздің 10-сынып оқушыларының қатысуымен Қазақстанның халық жазушысы Әбдіжәмил Нұрпейісовтың туғанына 100 жыл "Қан мен Тер" атты кітап бенефисі өтті. Оқушылар белсенді қатысып сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын ашық айтты. **Мақсаты:** Оқырмандарға Әбдіжәмил Нұрпейісов туралы ақпарат беру, шығармаларына деген сезімдерін қалыптастыру, патриоттық сезімін ояту, ерлікке, елін жерін сүйуге, Отанын қорғауға және Ұлт намысын қорғаған батырларды құрметтеу мен ұлықтауға тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/v/19HbEK29uE/>



24.10 күні Қазақтың ақыны, жалынды жазушысы, дарынды драматург, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл. Осыған орай мектеп кітапханашысының ұйымдастыруымен «Сәкен-сыршыл ақын» атты әдеби танымдық кеш өтті.

Іс шараның мақсаты: Оқушыларға Қазақстанның тарихында абыройлы орын алатын Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығын таныстыру, ақынның өз заманындағы саяси-қоғамдық көзқарасын таныту, оқушыларды отан сүйгіштікке тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/v/19HbEK29uE/>



24.11 күні Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты кітапханасында кітапханашының ұйымдастыруымен «Балалар әдебиетінің байтерегі» Сапарғали Бегалиннің туғанына 130 жыл толуына байланысты 7-сынып оқушыларымен іс-шара өткізілді. **Мақсаты:** оқушыларға балалар жазушысы жайлы мағлұмат бере отырып, оның өлеңдері мен шығармашылығын таныстырып, оқушыларды адалдыққа, адамгершілікке тарбиелеу. Оқушылар белсенді қатысып, сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын ашық айтты. <https://www.facebook.com/share/v/1BxpvxHFNP/>



04.12.күні Төлеби ауданының кітапханасында мектеп-интернатымыздың 7-сынып оқушыларының қатысуымен дөңгелек үстел өтті. Оқушылар белсенді қатысып, өз ойларын ашық айтты.

Мақсаты: Оқырмандарға Әбіш Кекілбаев туралы ақпарат беру, шығармаларына деген сезімдерін қалыптастыру, патриоттық сезімін ояту.



<https://www.facebook.com/share/v/1EiK5hxxvJi/>



24.12. күні Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты кітапханасында "Тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім - Бауыржан Момышұлы" тақырыбында 8- сынып оқушыларымен іс-шара өткізілді.

Мақсаты: Аты аңызға айналған халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының өмірінен мағлұмат бере отырып, Отан үшін отқа түсетін, егемен еліміздің ертеңі болатын ұрпаққа елжандылық тәрбие беру. Батыр ата ерлігінен үлгі алуға баулу. Отанын, туған жерін сүйуге, туған елін қорғай білуге тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/v/1LHZHawx2u/>



Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатында **2025ж ақпан айында** оқушыларымен, (Біртұтас тәрбие бағдарламасы) бойынша Халықаралық кітап сыйлау күніне орай мектеп-интернатында «Кітапханаға кітап сыйла!» акциясы өтті.

Мақсаты: Кітап мәртебесін көтеру, жастарды патриотизмге, еңбекті сүйуге, жалпыұлттық құндылықты әрбір жастың бойына сіңіріп, білімді де мәдениетті болып тәрбиеленуіне үлес қосып, кітап оқуды насихаттау, кітапхана қорын толықтыруға атсалысуға шақыру. Бұл акцияға 7-8 сынып оқушылары белсене қатысты. Сыйға тартылған кітаптар кітапхананың арнайы кітап бұрышына орналастырылды. Басылым маңызды, өйткені сол кітаптың ғұмырын созуға, кітапханаға көмек беруге және оқырмандардың рухани байлығын дамытуға, оқу мәдениетін жақсартып, уақыттарын тиімді пайдалануға мүмкіндікті күшейтеді. Қорыта айтқанда, Сіз сыйлаған әрбір кітап өз оқырманын табатынына сенімдіміз!

<https://www.facebook.com/100022652143107/videos/9150376021736612/>



Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатында **2025 ж ақпан айында 7 сынып** оқушыларымен, (Біртұтас тәрбие бағдарламасы) бойынша «Қазақ деген халықтың баласымын» Тұманбай Молдағалиев 90 жылдығы оқу сағаты өтілді.

Мақсаты: Ақынның өлеңдері мен шығармаларын оқушыларға таныстырып, оның поэзиясынан өнеге алуына ықпал ету. Отанға, туған жерге, анаға тілге деген сүйіспеншілік сезімін оятып, адамгершілікке тәрбиелеу. <https://www.facebook.com/share/v/1AVumvDEke/>



27.02 күні Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатында оқушыларымен, (Біртұтас тәрбие бағдарламасы) бойынша М.Мақатаевтың поэзия тұлпары мәнерлеп оқу сағаты өтілді.

Мақсаты: Ақынның өлеңдері арқылы Отанға, туған жерге, анаға тілге деген сүйіспеншілік сезімін оятып, адамгершілікке тәрбиелеу.

Шыда, шыда!

Шыдай түс шыда тағы!

Шыдамдыны мына өмір ұнатады,

Үміттің құлан иек құла таңы,

Әйтеуір бір атады, бір атады...Мұқағали атамыз жырлағандай, ақынның өлеңдерін 7, 8 сынып оқушы сөз мәдениетін дұрыс меңгеріп, әр өлеңдерінің мәнін, мағынасын ашып мәнерлеп оқуға, ақынға барынша еліктеп ақынжанды болып өсуіне кең жол ашу. Осы орайда ақынның жырларына кезек бердік. Баязит «Ана, сен бақыттысың», Айсауле «Үш бақытым», Айша «Әке», Ару «Ана» өлеңдерін жатқа айтып өмірбаянына да, тоқталып кетті. <https://www.facebook.com/share/v/16Vi8Bpunm/>





27.03 күні «Кітаптың сыры: Негізгі ойды тап» — бұл балалар үшін көктемгі демалыс кезеңінде уақытты тиімді әрі қызықты өткізудің бір жолы. Кітап оқу, әсіресе бос уақытты пайдалы өткізуде маңызды рөл атқарады. Кітап оқу ой-өрісті кеңейтеді, шығармашылықты дамытады, тіл байлығын арттырады және жалпы тұлғалық дамуға әсер етеді. Демалыс кезінде кітап оқу тек қана бос уақытты өткізу емес, сонымен қатар адамның рухани жан-дүниесін байытып, өмірге деген көзқарасын кеңейтеді.

<https://www.facebook.com/share/v/16QUKQHicw/>



28.03 күні "Кітаптың сыры" (Басты идеяны тап)

"Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты" кітапханасында, кітапханашының ұйымдастыруымен 9"Б" сынып оқушыларымен "Кітаптың сыры" атты іс шара болып өтті. Іс шара барысында Міржақып Дулатұлының "Бақытсыз Жамал" повесі талқыланды.

Мақсаты: "Кітаптың сыры" шығармасының басты идеясы- кітаптың адам өміріндегі маңыздылығы, оның білім мен даналықтың қайнар көзі екендігі. Шығарма арқылы білімге, оқуға деген сүйіспеншілікті ояту мақсат етілген. Оқушылар кітаптың сырын, басты идеясын аша білді.

<https://www.facebook.com/share/v/1AuMXSoBEJ/>



КАНИКУЛДА КІТАП ОҚИМЫЗ

Түркістан облысы білім басқармасының «Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты» КММнің 2025 жылдың 18 наурыз күнгі №429 хатына сәйкес, «Білім шыңы» Республикалық білім беру парадигмасын дамыту және біліктілікті артыру орталығының ұйымдастыруымен 21-31 наурыз аралығындағы көктемдегі каникулда өтетін «Каникулда кітап оқимыз» атты кітап оқу марафонына мектеп-интернатымыздың кітапханашысы, тәрбиешілері және пән мұғалімдерінің жетекшілігімен барлық сынып оқушылары белсенді қатысып марапаттарға ие болды.

<https://www.facebook.com/share/p/192hvdnvfH/>



29.03 күні Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатында (Біртұтас тәрбие бағдарламасы) бойынша, «Берекелі – мерекелі Наурыз» мектеп кітапханасының оқу жылындағы жоспары бойынша танымдық сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқырмандарды салт-дәстүрді берік ұстануға, мерекенің маңыздылығын түсіндіру, ұлыстың ұлы күнін атап өту, дәстүрді дәріптеу. Наурыз мерекесіне байланысты би билеп, салт-дәстүрге байланысты мағлұматтар беріліп, ұлттық киім, спорт ойындары, асық ойыны ұлттық тағамдарынан көже ішіп бауырсақтан дәм тататып, дастархан жайылды. <https://www.facebook.com/share/v/1AdznJ95aA/>



12.04 күні "Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатында" (Балалар кітапханасы) жобасы аясында Ғарышкерлер күніне орай "Ғарыш әлемі" тақырыбында танымдық сабақ өткізілді.

Мақсаты: Балаларға ғарыш әлемі туралы түсінік бере отырып, алғаш самғаған әлемдік және қазақтандық ғарышкерлер туралы мағлұмат беру, ғарыш әлеміне деген қызығушылық және танымдық қабілетін арттыру, патриоттық сезімін ояту. Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мусабаевтың ерліктері жайлы әңгімелеп, ғарыш әлемімен таныстыру. Сабақ барысында оқушылар ғарыш әлеміндегі ғаламшарлармен танысып, макет жасап шығармашылықтарын дамытты.

<https://www.facebook.com/share/v/1CSb3oE991/>



23 сәуір - "Ұлттық кітап күні". Бұл күн кітап сүйер қауымның ортақ мерекесі, асыл қазынамыз кітапты бағалау. "Оқуға құштар ұлт" жолындағы рухани әлемімізді байыту күні. "Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты" КММ-нің кітапханасында 23 сәуір – Ұлттық кітап күніне орай, ашық есік күні өткізілді. Бұл күн – білімнің бастауы, рухани байлықтың көзі саналатын кітаптың қадірін арттырып, оқуға деген құштарлықты оятатын мереке. Әр парағы — даналыққа жол, әр жолы — ойға азық. Кітапты серік еткен ұрпақтың болашағы жарқын болары сөзсіз. Ұлттық кітап күні құтты болсын!

Мақсаты: жас ұрпақтың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, кітаптың адам өміріндегі орны мен маңызын ұғындыру, рухани және мәдени құндылық ретінде кітапты құрметтеуге үйрету. Кітап өткен мен бүгінгі, болашақ пен жалғайтын рухани қазына. <https://www.facebook.com/share/p/16Ay1zmdXQ/>



16.05 күні ” Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп - интернаты” коммуналдық мемлекеттік мекемесінде кітапханашының ұйымдастырылуымен “ Ең үздік оқырман” сайысы өтті. Халқымыз өнер мен білімді қастерлеген. Бүгінгі таңда адамзат алдында тұрған басты мақсат- білімді ұрпақ тәрбиелеу. Ал ұрпақ білімді қайдан алады? Әрине, кітаптан.” Кітапхана- білімнің күншуағы “десек,” Ізденсем, білсем деген балаға кітапхананың есігі әрқашан да ашық. Үздік оқырман сайысының

Мақсаты: Оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, шығармашылыққа баулу. Ең үздік оқырманды анықтап, оны мадақтау арқылы оқырмандық мәдениетті насихаттау. Сайыс арқылы ең белсенді, көп оқитын оқырмандар анықталып, оларды үлгі ету арқылы оқушылардың мотивациясы көтеріледі. Кітап оқып, білім алудан әрдайым үздік болыңыздар.

<https://www.facebook.com/share/p/1EdwetV6gG/>



Кітапханашы: Г.Оразалиева